

Бекітімін:
Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова



«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айғөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың күрылу кезеңі: Қантар айы, 2023-2024 оқу жылы.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қантар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, онға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (он және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктікten секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. Жалпы дамытушы жаттыгулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттыгулар. Жаттыгуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттыгулар. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Аяққа арналған жаттыгулар. Өкшемен таяқтың, арқаның үстінен бір кырымен жүру. Спорттық жаттыгулар. Шанамен сырғанау: тәбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен тәбешікке көтерілу, тәбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзага әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сүйк тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды көңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууга, тісін тазалауға үйрету. Таракты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p>

	<p>Өзіне-өзі қызмет корсету дағдылары. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, күргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сурту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жұр, жүтір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқигалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
Көркем әдебиет.	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушы және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру Тілдің грамматикалық құрылымы зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
Математика негіздері.	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан онға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдында үстел, сол жағымда орындық түр).
Құрастыру.	Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту,

	корнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
Сурет салу.	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюоларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызығалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сактау.
Мүсіндеу.	Ертегілер мен қоршаган өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
Жапсыру.	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
Музыка	Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауга қызығушылық тудыру, марш сипатын ыргақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай женіл, ыргақты жүгіру; музыканың ыргағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың қоңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ыргағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.
Коршаган ортамен таныстыру.	Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көліктегі жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.